



ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын қызметкерлеріне сабақ беретіндер арасында "Қазақ тілінің үздік оқытушысы" атты байқау өткені белгілі. Жуырда осы басқарманың бөлім бастығы Қабыл Дүйсенби облыстық білім сайысының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты жағдайда марапаттады.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті лингвистикалық орталығының аға оқытушысы Ақтолқын Жамантаева (суретте) Бас жүлдені жеңіп алып, басқарманың арнайы дипломымен марапатталып, сыйлыққа компьютер алды. Облыс әкімі аппараты мемлекеттік қызметкерлерді дайындау орталығының оқытушысы Ақжарқын Қамбарова бірінші (түрлі-түсті теледидар), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Шымкент институтының оқытушысы Жазира Молданова екінші (музыкалық орталық), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының кафедра меңгерушісі Ербол Сәлім, Шымкент медицина колледжінің оқытушысы Арман Елібаева, Бауыржан Момышұлы атындағы заң колледжінің оқытушысы Айболат Маймақов үшінші (DVD) орындарды місе тұтты.

Т.АЙТБОЗЫМ.